

**"Жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 тамыздағы №343 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 23 ақпандағы № 88 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 наурызда № 5772 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 10 сәуірдегі № 189 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 10.04.2018 № 189 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 386-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 тамыздағы № 343 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5129 нөмірімен тіркелген, аудандық "Тұран Қазалы" газетінің 2015 жылғы 30 қыркүйектегі № 101-102 нөміріне жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай жана редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінің 378-бабында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері бес есеге жоғарылатылсын".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен тыс XII сессиясының төрағасы:*

*Аудандық мәслихат хатшысы:*

*Т.Әліпбаев*

*К.Назымбеков*